


Жекеше Нотариус

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңының 15-бабында жекеше нотариустардың құқықтық мәртебесі анықталған. Нотариус заңды тұлға құрмай жеке практикамен айналысады, алайда онда заңды тұлғаға тән барлық белгілер бар банк мекемелерінде есеп айырысу шотының болуы және өзге де шарттар ашуы; енбек заңдарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуы; мүліктік құқығының болуы және оларды өз атынан билік етуге мүмкіндігінің бар болуы; соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да іс-әрекеттер жасауға құқығы.

Жеке практикамен айналысатын нотариус есептік, валюталық шарттар және Қазақстан Республикасының банктік заңнамаларына сәйкес кез-келген банкте өзге де шоттар ашуға құқығы бар (Заңының 15-бабы).



1. Занды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметті жүзеге асыратын, нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырган, нотариаттық палатаға мүше болған азамат жеке практикамен айналысатын нотариус деп танылады.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариус банк мекемелерінде ағымдағы шоттар ашуға, енбек зандарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуға, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан алынған табысқа билік етуге, соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

4. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жеке тұлғалар мен занды тұлғалар өкілдерінің еркін кіріп-шығуына, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың құпиялышының сақтауға және нотариаттық іс жүргізуіндің сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға жарамды бір үй-жайы болуға тиіс.

Нотариус аумақтық әділет органына өзінің үй-жайының орналасқан жерін көрсете отырып, нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар еткен немесе нотариустың үй-жайының орналасқан жерін оған белгіленіп берілген аумақ шегінде өзгерту туралы оның өтініші келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органы осы үй-жайдың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуге міндетті.

Нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асыруды тоқтату туралы хабарламаны аумақтық әділет органына жібергенге дейін сақтауындағы барлық нотариаттық құжаттарды басқа нотариусқа немесе жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге, жекеше нотариустың мөрін аумақтық әділет органына тапсыруға мінд

7. Олар осы баптың 4-тармағының талаптарын сақтаған жағдайда бір үй-жайда бір немесе бірнеше нотариус жұмыс істей алады.

Нотариус ретінде заңды тұлға құрмай,
лицензия негізінде нотариаттық қызметпен
айналысатын жеке практикамен
айналысатын азамат танылады.

«Лицензиялау туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының 10 бабының 6
тармағы қызметтің лицензияланған түрлері
сипатындағы нотариалдық қызмет
көрсетулерді енгізді.

«Лицензия туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес
лицензия ҚР Әділет Министрлігінің
Аттестациялық комиссиямен өткізілген
аттестаттау қорытындысы бойынша
мемлекеттік немесе жеке нотариустан іс-
тәжірибeden өту негізінде тестілеу
нысанында беріледі.

Әділет Министрлігінің халыққа құқықтық
көмек және заң қызметтерін көрсетуді
үйымдастыру бойынша Комитетпен
құрылған Аттестациялық комиссиясының
құрамына Қазақстан Республикасының
Әділет органдарының төрағалары, ҚР
Адвокаттар Алқасы, Республикалық
нотариалдық палаталар мен оқытушы-
заңгерлер кіреді.



Аттестациядан Қазақстан Республикасының Біліктілік әділет алқасына біліктілік емтиханын тапсырған тұлғалар; тұрақты судьялар және өздерінің міндеттерін орындау кезінде зандылықты бұзғаны және басқа да бұзушылықтар жасағаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья жұмысын істейтін тұлғалар; сондай-ақ мемлекеттік нотариустар өтпейді. Аттестация, сонымен қатар прокурорларға, прокуратура органдарында жұмыс істеген тергеуші және анықтаушыларға тән емес.

- Аттестациялық істің материалдарын қарау нәтижесі бойынша Комиссия аттестацияға өткізу туралы немесе өткізуден бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестацияға өткен үміткер әділет аумақтық органдары арқылы аттестацияның өткізілуіне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей аттестацияның өту орны, уақыты мен күні туралы хабарландырылады. Аттестацияға өткен үміткер қолданыстағы заңнама бойынша тестілеуден өтеді және егер дұрыс жауабы 65 пайыздан асса және ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан көп пайызын алса, тестілеуден өтті деп саналады. Тестілеудің қорытындысы бойынша Комиссия аттестациядан өткендігі немесе өтпегендігі туралы аттестация өткеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей шешім шығарады.

Осыдан кейін үміткер жеке нотариалдық іс-әрекеттермен айналысу құқығына ие болу үшін жоғарыда аталған өтудің көрсетілген тәртібі бойынша іс-тәжірибеден өтуі керек



Лицензия

Лицензиясыз жеке нотариалдық іс-әрекеттермен айналысу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады. Нотариустың лицензия алуы үшін қажетті құжаттардың тізімі, лицензияны беру тәртібі мен мерзімі 2002 жылы 27 ақпандағы адвокаттық қызмет және нотариустардың қызметін лиценсиялау Ережесімен белгіленеді. Жеке нотариалдық іс-әрекеттермен айналысу құқығына лицензия алу үшін Лицензиат Лицениарға (халыққа заң қызметтерін көрсету және құқықтық көмекті ұйымдастыру бойынша Комитет) бекітілген нысанда арыз ұсынады

Лицензиат осы аталған
 құжаттардың мазмұнында
 көзделген мәліметтердің
 толымдылығы мен сенімділігіне
 жауап береді. Лицензия беру
 туралы арыз осы арызга қосымша
 тіркелген құжаттардың
 толымдылығы мен сенімділігін
 тексеру жолымен 1 ай мерзім
 ішінде Лицензиармен қаралады.
 Карапудың нәтижесі бойынша
 Лицензиар лицензияны беру
 немесе оны беруден бас тарту
 туралы шешім шығарады.
 Лицензия «Адвокаттық және
 нотариаттық қызметпен айналысу
 құқығына мемлекеттік
 лицензиясының нысанын бекіту
 туралы» ҚР Үкіметінің 1998
 жылғы 23 желтоқсандағы №1325
 қаулысымен бекітілген нысан
 бойынша беріледі.





Нотариустың лицензиясы бас лицензия болып табылады және оның мерзіміне шек қойылмай беріледі және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады. Оған Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің халықта құқықтық көмек және заң қызметін көрсетуді үйымдастыру бойынша Комитет Тәрағасы қол қояды, бір данада жасалады және Лицензиардың мөрімен ресімделеді. Лицензия сенімхаттың негізінде өкілетті Лицензиатпен де берілуі мүмкін. Лицензияны жоғалтып алу кезінде Лицензиаттың оның дубликатын алуға құқығы бар.

**Назарларынызға
Рахмет**